



Жетісу облысы бойынша қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемақы мөлшерлемелерін арттыру туралы

Күшін жойған

Жетісу облыстық мәслихатының 2023 жылғы 15 желтоқсандағы № 11-66 шешімі. Жетісу облысы Әділет департаментінде 2023 жылы 19 желтоқсанда № 113-19 болып тіркелді. Күші жойылды - Жетісу облыстық мәслихатының 2025 жылғы 2 мамырдағы № 27-169 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жетісу облыстық мәслихатының 02.05.2025 № 27-169 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің (Салық кодексі) 576-бабының 8-тармағына сәйкес, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес, Жетісу облысының мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Жетісу облысы бойынша қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемақы мөлшерлемелері арттырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау (келісім бойынша) облыс әкімінің бірінші орынбасары Ә. Жақанбаевқа жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

Г. Тойлыбаева

Жетісу облыстық мәслихаты 2023
жылғы 15 желтоқсандағы № 11-66
шешімге қосымша

Жетісу облысы бойынша қоршаған ортаға теріс әсер еткені үшін төлемақы мөлшерлемелері

1. Стационарлық көздерден ластаушы заттардың шығарындылары үшін төлемақы мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

№ реттік саны	Ластаушы заттардың түрлері	1 тонна үшін төлемақы мөлшерлемелері (айлық есептік көрсеткіш)	1 килограмм үшін төлемақы мөлшерлемелері (айлық есептік көрсеткіш)
1	2	3	4
1.	Күкірт оксидтері (SOx)	20	
2.	Азот оксидтері (NOx)	20	

3.	Шаң және күл	10	
4.	Қорғасын және оның қосылыстары	3986	
5.	Күкіртсутек	124	
6.	Фенолдар	332	
7.	Көмірсутектер	0,32	
8.	Формальдегид	332	
9.	Көміртегі монооксиді	0,32	
10.	Метан	0,02	
11.	Күйе	24	
12.	Темір тотықтары	30	
13.	Аммиак	24	
14.	Алты валентті хром	798	
15.	Мыс тотықтары	598	
16.	Бенз(а)пирен		996,6

2. Жылжымалы көздерден атмосфералық ауаға ластаушы заттарды шығарғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

Р/с №	Отын түрі	Пайдаланылған отынның 1 тоннасы үшін мөлшерлеме (айлық есептік көрсеткіш)
1	2	3
1.	Этилденбеген бензин үшін	0,66
2.	Дизель отыны үшін	0,9
3.	Сұйытылған, сығылған газ, керосин үшін	0,48

3. Ластаушы заттардың төгінділері үшін төлемақы мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

Р/с №	Ластаушы заттардың түрлері	1 тонна үшін төлемақы мөлшерлемелері (айлық есептік көрсеткіш)
1	2	3
1.	Нитриттар	1 340
2.	Мырыш	2 680
3.	Мыс	26 804
4.	Оттегіне биологиялық қажеттілік	8
5.	Тұзды аммоний	68
6.	Мұнай өнімдері	536
7.	Нитраттар	2
8.	Жалпы темір	268
9.	Сульфаттар (анион)	0,8
10.	Өлшенген заттар	2
11.	Синтетикалық беткі-белсенді заттар	54

12.	Хлоридтер (анион)	0,2
13.	Алюминий	54

4. Өндіріс пен тұтыну қалдықтарын көмгені үшін төлемақы мөлшерлемелері мыналарды құрайды:

Р/с №	Қалдықтардың түрлері	Төлемақы мөлшерлемелері (айлық есептік көрсеткіш)	
		1 тонна үшін	1 гигабеккерель үшін (Гбк)
1	2	3	4
1.	Өндіріс пен тұтыну қалдықтарын полигондарда, жинақтауыштарда санкцияланған үйінділерде және арнайы бөлінген орындарда көмгені үшін:		
1.1.	Осы кестенің 1.2-жолында көрсетілген қалдықтарды қоспағанда, төлемақыны есептеу мақсаттары үшін қауіптілік қасиеттері ескерілетін қалдықтар:		
1.1.1.	қауіпті қалдықтар	8,01	
1.1.2.	қауіпсіз қалдықтар	1,06	
1.2.	Төлемақыны есептеу мақсаттары үшін қауіптілік қасиеттері ескерілмейтін қалдықтардың жекелеген түрлері:		
1.2.1.	Коммуналдық қалдықтар (қатты тұрмыстық қалдықтар, кәріздік тазарту құрылыстарының тұнбасы)	0,38	
1.2.2.	Тау-кен өндіру өнеркәсібінің және карьерлерді игеру қалдықтары (мұнай мен табиғи газды өндіруден басқа):		
1.2.2.1	аршынды жыныстар	0,004	
1.2.2.2	жанасқан таужыныстары	0,026	
1.2.2.3	байыту қалдықтары	0,02	
1.2.2.4	шлактар, шламдар	0,038	
	Құрамында пайдалы казбалар бар кенді,		

1.2.3.	концентраттарды, агломераттарды және шекемтастарды қайта өңдеу, қорытпалармен металдар өндірісі кезінде металлургиялық қайта жасауда түзілетін шлактар, шламдар	0,038	
1.2.4.	Күл мен күлшлактар	0,66	
1.2.5.	Ауылшаруашылығы өндірісінің қалдықтары, оның ішінде көң, құс саңғырығы	0,002	
1.2.6	Радиоактивті қалдықтар:		
1.2.6.1.	трансуранды		0,76
1.2.6.2.	альфа-радиоактивті		0,38
1.2.6.3.	бета-радиоактивті		0,04
1.2.6.4.	Шынақты радиоактивті көздер		0,38

5. Көмірсутектерді барлау және (немесе) өндіру жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде түзілетін күкіртті ашық түрде күкірт карталарында орналастыру үшін төлемақы мөлшерлемелері бір тонна үшін 7,54 айлық есептік көрсеткішті құрайды.